

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Ш.Уәлиханов атындағы Қоңырау университеті» ҚеАҚ
8D02301 – «Филология: қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Демесинова Акерке Алтаевнаның
«Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму
бағыттары» тақырыбындағы диссертациясына

ПКІР

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның заманауи ғылым мен тәжірибе үшін маңызы. Соңғы жылдары фэнтези жанрында жазылған шығармалардың феномені мен оның әсіресе жас буынның арасындағы тартымдылығы, танымалдығы туралы мәселеге көптеген әдебиеттанушылар, мәдениеттанушылар және психологтар қызығушылық білдіріп, назар аудара бастады. Дегенмен осы мәселеге арналған бірқатар зерттеу еңбектері жарияланып, әртүрлі анықтамалар берілгенімен фэнтези жанрының ортақ мойындалған анықтамасы әлі қалыптасқан жоқ. Әсіресе балалар фэнтези жанрының жіктемесі жасалмаған, фэнтезидің әдеби ертегі және балалар фантастикасымен жанрлық байланысы мен ықпалдастыры анықталмаған. Аталған ұғымдардың арасында теориялық тұрғыдан нақты заңдылықтар толық орнықпаған. Бұгінде осындай қыр-сыры көп күрделі жанрды зерттеуге бел буған зерттеушілер қазақ әдебиеттану ғылымында тым аз. Соңдықтан диссидент Акерке Алтаевнаның балалар фэнтези шығармаларын терең талдауының маңызы зор.

Докторанттың негізге алған басты ғылыми және әдіснамалық ережелері. Аталған жанр біріншіден, әдеби ертегінің шекпенінен шыққандықтан пайда болу жолы да сан қылыш, фэнтези кейде шындық өмірден қашып, миф пен аңыздарды қайыра ой елегінен өткізуге бағыт ұстанса, оның түп тамыры әдеби ертегі белгілі бір ұлт үшін сын сағаттар болған сәтті оны ертегілік образдар мен мотивтер арқылы таныта біледі; екіншіден, фэнтези жанрындағы туынды басқа жанрлардың мәтіндік бөлігі бола алмауымен әдеби ертегіден ерекшеленеді. Фэнтезилік оқиғалар, фэнтези кейіпкерлері оқырман балалар мен жасөспірімдердің өмірге өзіндік сиқырлы-шытырман идеясын сақтай отырып араласуына, үйренуіне, қалыптасуына жол ашады. Балалар фэнтези әдебиеті, ондағы кейіпкерлер әлемі, фэнтезидегі бала әлемінің бейнесін жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде зерттеушінің ұсынып отырган ғылыми тұжырымдары болашақта зерттеу айналымына еніп, ғылыми құндылығы зор болатыны сөзсіз.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында аталған әдеби феноменге қатысты екі түрлі басты көзқарас қалыптасқан. Бірінші көзқарасқа сәйкес фэнтези фантатика жанрының бір тармағы ретінде қарастырылады. Екінші көзқарасқа сай фэнтези ертегінің бір түрі деген тұжырым жасалады. Көзқарастардың бұлай жіктелуі, ортақ дефинициясының болмауы, фэнтези жанрына тән типологиялық синкретизмнің болуында жатыр. Яғни, фэнтези-

синкретті жанр. Фэнтезидің синкреттілігіне байланысты бұл құбылысты түсіну шегаралары өте кеңіп, шектен тыс созылып кеткен. Осы тұрғыдан келгенде диссертант қазақ фэнтезиінің теориялық аспектілерін ашу үшін әлемдік фэнтези жанрының әртүрлі негізгі деген көзқарастарын бірнеше топтарға жіктең, оларға талдау жасаған.

Докторанттың қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен олардың дәйектілігі. Диссертациялық жұмыс ауқымды үш тарауға және әр тарауы бір-бірін толықтыра түскен үш бөлімнен құралған. Әр тарауы ғылыми жаңашылдығымын құнды.

Атап айтсақ, диссертацияда фэнтези жанрының шығу төркіні қарастырылып, шығарма мазмұнына өзек болатын архетиптік сюжеттер мәселесі көтерілген. Ғылыми фантастика мен фэнтези жанрының жанрлық езгешелік сипаттары айқындалған. Фэнтези жанрындағы өзгеше астралды, параллель әлемнің көркемдік шындық әлеміне айналып, өзінің көркемдік заңдылықтарымен өмір сүруінің алғышарттары түйінделіп, тұжырымдар жасалған. Әсіреле фэнтези жанрына неомифологиямнің ықпалын жан-жақты ашып қарастырған. Фэнтези жанрының ғылыми анықтамасы, оның қазіргі кездегі негізгі жанрлық түрлері – эпикалық, басқаша атасақ, батырлық немесе қаһармандық фэнтези, ертегілік фэнтези, «қара» фэнтези, нормалық фэнтези, пародия фэнтезі, қала фэнтезі, ғылыми фэнтези, мистикалық фэнтези туралы тұжырымдар жасалған. Фэнтези жанрының тууына түрткі болған мифологиялық сюжеттер мен эпикалық дастан-жырлардың көркемдік генезисіне назар аударылған. Фэнтези жанрындағы шығармалардың сюжеттік кеңістігіндегі реалды, мифологиялық, эпикалық, фантастикалық кеңістік сипаттары талданған. Қазақ фэнтезийнің қалыптасып, дамуына тоқтала келіп, оның көркемдік деңгейі зерделенген. Фэнтези жанры туралы еңбектер жазған ғалымдардың ғылыми көзқарастары сараланған. Зерттеу объектісіне айналған Таупық Рымжановтың, Тауфих Шеғиров, Тұрысбек Сәукетаевтың, Тимур Ермашевтың, Адам Қапановтың және Ильмаз Нұрғалиевтың, Бекен Үбірайымның, Айгүл Тұлембаеваның, Рұстем Сауытбайдың, Зира Наурызбай мен Лилия Калаустың туындыларына талдау жасалынып, шығармаларының тақырыптық-идеялық, көркемдік мән-мағынасы қарастырылған.

Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымдық және мазмұндық тұгастығы. Диссертацияның жоспарына сәйкес әр тарауы мен бөлімдерінде зерттелген, зерделенген материалдар зерттеу жұмысының мақсатына қол жеткізу мен міндеттерін кезең-кезеңімен шешуге бағытталған. Диссертацияның құрылымдық ерекшелігі мен мазмұндық сипаты зерттеу тақырыбын терең зерделеумен шектелмей, фэнтезидің әдеби, тілдік, философиялық, педагогикалық, психологиялық қырларын жан-жақты ашуға мүмкіндік туғызған.

Зерттеуге докторанттың қосқан жеке үлесі. Докторанттың зерттеу объектісі бойынша көп ізденгені анық. Нәтижесінде тақырып аясында ҚР ҒжЖБМ ұсынған журналдарда 5 ғылыми мақала, шетелдік журналда 1 ғылыми мақала, халықаралық конференция жинақтарында 4 ғылыми мақала

жарық көрген. Ғылыми кеңесшісі ретінде Демесинова Акерке Алтаевнаның бұл сүбелі ғылыми еңбекті дербес түрде орындағанына, ғылыми кеңесшілердің де құнды пікірлеріне құлақ асқанына қуәміз.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі ізденімпаздығы. Докторант материалдар жинау барысында мұқияттылық пен үлкен талпыныс танытты, зерттеу материалдарын өндөу, саралау, талдау, сараптау кезінде ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдерін орнымен қолдана біletіндігін көрсетті. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында автор айтартылған зерттеушілік тәжірибеге ие болды. Зерттеуші тақырыпты зерттеудегі білгірлігі мен еңбеккорлығын байқатты.

Диссертация бойынша пікіріміздің қорытындысы. Диссертацияға берген пікірімізді қорытындылай отырып, Демесинова Акерке Алтаевна зерттеген «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» тақырыбындағы жұмысы философия докторы дәрежесін алуға қойылатын талаптарға жауап береді деген тұжырым жасаймын.

Аталған зерттеу жұмысы фэнтези әдебиеттің дербес жанры екендігін дәлелдейтін, фэнтези шығармаларының жіктемесін, кейіпкерлерінің типологиясы мен сюжеттерінің түрлерін жіктең берген, мұқият, нақты орындалған жұмыс ретінде докторлық диссертация түрінде қорғауға ұсынуға болады деген тұжырым жасаймын және ашық қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

**Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау
университетінің қауымдастырылған
профессоры, филология ғылымының
кандидаты**

Тлеубердина Г.Т.

